

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты  
**Туякбаева Айгуль Шаймуратовнаның**  
6D040600- режиссура мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған  
**"ҚАЗАҚ КИНО ӨНЕРİNДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН РУХАНИ  
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ"** тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына

### Пікір

Айгуль Шаймуратовнаның «Қазақ кино өнеріндегі салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтардың көрінісі» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы режиссура өнерін этномәдени, яғни салт-дәстүр арқылы тәлім-тәрбие беру, рухани құндылықтардың көрінісімен байланыстыруы өте орынды. Өйткені бүгінгі күнде ұмытылып бара жатқан, кешегі қазақ халқының асыл құндылықтары мен мәдениеті, баға жетпес тәрбиесі ауыз әдебиетінде, мақал-мәтелінде, нақыл сөздерінде кездесетін, рухани құндылықтар арқылы жас ұрпақы тәрбиелеу, кино өнері арқылы насихаттау қисыны келіп тұрған жұмыс. Халықтың рухани дамуына, жеке дара ұлт ретіндегі сана-болмысының биіктеуіне ықпалы зор салт-дәстүрлер мен әдет ғұрыптарды кинокартиналар арқылы жеткізудің ерекше маңыздылығы қарастырылған.

Қоғамдағы өркениет пен мәдениеттің өркендеуі, мәдени өзгерістердің жаһандық сипат алуы, кино өнері саласы бойынша білім беру нәтижесіне деген халықаралық талаптардың күшеюіне байланысты, қазақ елінің ұлттық құндылықтарын насихаттауды жүзеге асыруда білім беру жүйесінің қарқынды дамуы, ертеңгі болашағына тұғыр боларлық жана бағыттың қажеттілігін туындатып отыр, оған қоса мемлекет алдындағы негізгі мақсат Қазақстан Республикасының дамыған 30 елдің қатарына қосылу мәселесінің де осы тақырыпқа байланысы бар екені ескеріліп, диссертацияда кино өнерімен рухани құндылықтардың байланысы өз орнын тауып отыр. Міне осы мәселелерді қамтитын Айгуль Шаймуратовнаның «Қазақ кино өнеріндегі салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтардың көрінісі» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы өте құнды құжат деуге болады. Себебі: жұмыстың өзектілігі біріншіден, кино өнері саласындағы педагогика ғылымының теориялық – әдіснамалық даму қажеттілігі болса, екіншіден, этнопедагогиканың негіздерін кино өнері саласына енгізу, этнопедагогика мәселелеріне назар аударылуы уақыт талабына сай қарастырылып отырған зерттеу жұмысы болып отыр. Тақырыптағы рухани құндылықтардың көрінісі – ол ұлттық қадір қасиетіміз, салт-дәстүрлер мен әдет ғұрыптарымыз, тәуелсіздігімізге дейінгі, одан кейінгі дербестік талаптарына сәйкес ұлттық игіліктер мен мәдени мұра болып табылады. Түпкілікті мақсат міне осы қасиеттердің бәрін жастардың бойына сіңіру және оларды тиісті түрде сақтай отырып, тиісті түрде келер ұрпаққа жеткізу болса, диссертациядағы кейіпкер баланың іс-әрекеті арқылы көпшілік қауымға



ұсынып отыр. Ұлттық тәрбиедегі атадан балаға ұласатын асыл құндылықтар үлкендердің іс-қимылдарынан танылып, сезім жіптері арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Жоғарыда аталған ғылыми еңбекте кинематографиядағы кең ауқымды тақырыптың ішінен ұлттық салт-дәстүрлердің маңыздылығы, оның фильмдердегі орны мен авторлық ой-идеяны толықтырушы функциясы басты назарға алынып отыр, киношығармаларда орын алған салт-дәстүрлердің, жөн-жоралғылардың көрінісі ғылыми негізде қарастырылған.

Жұмыста тәуелсіздік алғаннан кейінгі жиырма бес жыл арасында ұлттық кино өнеріндегі салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтардың көрінісі талданған. Қазақ кинематографиясындағы режиссерлік, көркемдік шешімдер тарихи кезең тұрғысынан сараланып, отандық кино режиссерлердің шығармашылық ізденістеріндегі ұлттық салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтар көрінісін беру тәсілдері анықталған. Диссертация тәуелсіздіктен кейінгі жылдары қазақ киносында қалыптасқан бүгінгі жағдайды түсінуге, өзекті мәселелерін шешуге бағытталған.

Диссертацияның бірінші бөлімі ұлттық руханилықтың категориясын баян ете отырып фольклордың қазақ киносындағы әсерін суреттейді. Бұл бөлімде дәстүрлер түсінігі, оның аспектілері мен категориялары бейнеленіп дәстүр феноменінің мәдениеттанушылық тұжырымдамасы терең қарастырылған. Мұраның аксиологиялық аспектісін пайдалана отырып, дәстүр абсолютті құндылық ретінде талданады деп түйіндейді және кез келген халықтың мәдениетінде дәстүрдің мәнін жан-жақты талқылап, бекітеді. Дәстүрлерді қазақ халқы ортасында пайдалану үдерісін терең сипаттаған. Қазақ киносын құру және даму тарихында, сонымен қатар алғашқы және кейінгі фильмдер талдауында, олардың құрылымы мен өзгешілігіне, сол фильмдердің ішіндегі қазақ халқының мәдени және рухани дәстүрлерін, қазақ фольклорын және ұлтқа тән қасиеттерін пайдалануда режиссерлердің негізгі ойы неде негізделгенін тереңнен зерттелген.

Екінші бөлімде ұлттық құндылықтарды экрандаудағы эстетикалық ерекшеліктер, және қазақ дәстүрлері мен салттарын кино тілі арқылы көркемдік шешімдер кәсіби түрде зерттелген. Жалпы және нақты жағдайларда ұлттық құндылықтар ерекшелігінің мәнін, олардың әр халық өміріндегі мәні мен орнын ауқымды тұрғыда талданған. Экрандаудың мәні мен принципін егжей-тегжейлі зерттеп, талдау жүргізді. Экрандау – түсүру барысындағы процесс түпкі дереккөзбен танысуға және оның негізгі ойы, образы мен стилін түсінуге міндеттейтін шығармашылық үдеріс болып табылады. Бұл киноленталар көрермендердің білімін байытып, молықтырады, әдеби шығарманың мазмұнын қайта пайымдауға көмектеседі.

Үшінші бөлімде отандық кино өнерде ұлттық сана көрінісі мен заманауи қазақ кино өнеріндегі салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтардың орны мен мәні, ұлттық сана мен мазмұны зерттелген. Негізінен ұлттық болмыс пен сана әрбір халықтың өзіндік этникалық бояуының жеке белгісін сақтап, мәдени, тілдік, менталитеттік ерекшелігін мойындаған кезде ғана дәстүрлік нышандармен тығыз байланыста дамиды. Бұл процесс жана



уақыттың сұранысына бағытталған жаңашыл ой-тұжырымды, жаһандық мәдениеттің алғышарттарын қалыптастырады. Аталмыш тараудағы саралау-талдау жұмыстары осындай қағидаларды негізге ала отырып жүргізілген екен. Атап айтқанда: Сергей Дворцевойдың «Қызғалдақ», Ермек Тұрсыновтың «Келін» фильмдеріне талдау жасап, аталған фильмдерде көрсетілген ғұрыптарды жан-жақты талдап берген.

Заманауи кинематографияның ұлттық сананы дамыту, бүгінгі рухани-мәдени құндылықтарды сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу идеяларына көңіл аударуы жана көзқарастан, жаңаша ойлап, ұтымды тұжырым жасай алу мүмкіндігінен туындайды. Осындай мәселелерді қарастыру арқылы қазақ халқының тарихи даму жолының бүгінгі сатысындағы қазақстандық кинематография маңыздылығы айқындалды.

Сонымен қатар, үстіміздегі жылдың 21 қарашасында Елбасы, Нұрсұлтан Әбішұлының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарық көрді. Бұл мақала рухани жаңғыру бағдарламасының жалғасы ретінде жарыққа шықты. Шын мәнінде мәдени мұраларды жаңғыртудың өзі рухани жаңғыру болып табылады. Мақалада Елбасымыз, ұлы даланың ең маңызды жеті қырына сипаттама жасады. Елбасы мақаласының екінші бөлімінде ұлы даланың жеті бағытын қамтитын, болашаққа бағдар беретін нақты жобаларға көңіл бөлінген, солардың бірі: Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі. Қазіргі технологияның дамыған ғасырында адамзаттың санасында кино өнері ерекше орын алады. Халықтың санасында фильмдегі жарқын кинообраздар іргелі ғылыми монографиядағы деректі портреттерден гөрі маңыздырақ рөл атқаратындығын еске салды. Сондықтан тез арада Қазақстанның өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін деректі-қойылымдық фильмдердің, телевизиялық сериалдар мен толықметражды көркем картиналардың арнайы циклін өндіріске енгізу керектігін атап айтты. Аталған жобалар кең халықаралық ынтымақтастық аясында отандық және шетелдік үздік сценаристерді, режиссерлерді, актерлерді, продюсерлерді және заманауи кино өндірісінің дамуына мүмкіндік беретін алға тартты. Сондай-ақ жаңа тарихи теле-кино туындыларының жанрларын барынша кеңейту қажеттігін атап айтты. Осыған байланысты Тұяқбаева Айгуль Шаймуратовнаның «Қазақ кино өнеріндегі салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтардың көрінісі» тақырыбындағы зерттеу жұмысы жоғарыда мысалыға келтірілген көріністердің шешімін беретін актуалды тақырыптық жұмыс болып отыр.

Диссертациялық еңбекте әр жылдары жарыққа шыққан Ш.Аймановтың «Атамекен», С.Қожықовтың «Қыз Жибек», А.Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа», Б.Шәріптің «Күнә», Д.Жолжақсыновтың «Құнанбай», «Біржан сал» т.б режиссерлердің фильмдері арқылы қазақ елінің ұлттық қалып пен ата салтының түп тамырына жана көзқараспен назар аударылғандығы, жан жақты зерттелгендігі кино өнері үшін үлкен жетістік.

Жалпы диссертациялық жұмысты кино өнері саласындағы ғылыми жұмыстардың ішіндегі кең ауқымды, интеграциялық жұмыс деп атауға болады. Докторлық диссертация тақырыбы біріншіден: өте заманауи,



қызықты, актуалды тақырып болғандықтан, қазақ киносын жан-жақты суреттейді, кинотану саласы бойынша ғана емес, мәдени-философиялығы, этнологиялығы, тарихилығы қазақ киносының феномені болып, қазақ кинематографиясына үлкен сенімділік ұялататын болса, екінші жағынан заманауи Қазақстанның күрделі проблемаларының бірі болып табылатын қазақ халқының рухани құндылықтарының жаңғырудағы мақсатының шешуші ролін атқарады.

Ізденуші өзінің алдына қойған мақсатына жеткен сияқты. Дегеніменде айтарлықтай кемшіліктері бар.


1. Диссертацияның «Қазақ киносының тәуелсіздік жылдарындағы көркемдік ізденістері» үшінші бөлімдегі «Отандық кино өнеріндегі ұлттық сана-сезімнің көрінісі» атты бірінші тарауында фильмдердің режиссерлік, көркемдік талдауы өте терең мағыналы болғанымен аздау, тағы екі үш фильмнің жан жақты зерттеуін қосу керек еді.

2. Осы тарауда жанадан шыққан жас режиссерлердің фильмдерін салыстырмалы түрде зерттеп, олардың ұлттық құндылықтарға, руханилыққа деген көзқарастарын саралап тұжырымдама жасаған дұрыс еді.

Ізденушінің «Қазақ кино өнеріндегі салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтардың көрінісі» диссертациялық жұмысы қазақ кинематографиясын талдау мен зерттеуге арналған кинотану, мәдениеттану, кино тарихы, кино теориясы мен тіпті этнология саласында маңызды зерттеу болып табылады деп есептеймін.


Айгуль Туякбаеваның 6D040600 – «Режиссура» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін (PhD) алуға ұсынылған «Қазақ кино өнеріндегі салт-дәстүрлер мен құндылықтардың көрінісі» деп аталатын диссертациялық жұмысы ғылыми зерттеудің барлық критерийлеріне сай келеді. Жұмысты Академияның Диссертациялық кеңесінің қорғауына жіберуге лайық деп есептеймін.

Пікір білдіруші:



Нарымбетов С.Ж.

*Ainurisa.nur@mail.ru*



Ш.Айманов атындағы Қазақфильм киностудиясының режиссері,  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.